



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЙЛАУДЫ БАҚЫЛАУ МИССИЯСЫ **Қазақстан Республикасы - Мерзімінен бұрын президенттік сайлау** **3 сәуір 2011ж**

Бастапқы нәтижелер мен қорытындылар туралы мәлімдеме

Астана қаласы, 4 сәуір 2011 жыл – осы Бастапқы нәтижелер мен қорытындылар туралы мәлімдеме ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары бойынша бюросы (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ), ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясы (ЕҚЫҰ ПА) бірлесіп атқарған жұмыстың нәтижесі болып табылады.

Сайлауды бағалау оның ЕҚЫҰ-ның демократиялық сайлау жөніндегі міндеттемелерімен, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкестігін анықтау үшін жасалды. Бастапқы нәтижелер мен қорытындылар туралы осы мәлімдеме сайлау процесінің аяқталар алдында жасалды. Сайлаудың ақырғы бағасы, жартылай, сайлау процесінің қалған сатыларын өткізуге, атап айтқанда дауыс беру нәтижелерін анықтауға, және сайлау күнінен кейінгі шағымдар мен апелляциялық шағымдарды қарастыруға байланысты болады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ толық ақырғы есебін, оның ішінде сайлауды өткізуге енгізілуі мүмкін жақсартулар туралы кеңестерін, сайлау процесі аяқталғаннан кейін шамамен сегіз апта өткен соң шығарады. ЕҚЫҰ ПА өз есебін 11 сәуірдегі Копенгаген қаласында өтетін Бюро жиналысында ұсынады.

Бастапқы қорытындылар

Қазақстан Республикасында 3 сәурда өткен мерзімінен бұрын президенттік сайлауы Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағасы ретінде белсенді халықаралық жұмыстар жасаған, 11 жыл ішінде алғаш рет өткізілген табысты өткен ЕҚЫҰ-на қатысушы мемлекеттер басшыларының Саммитімен аяқталған, ЕҚЫҰ міндеттемелерінің толығымен орындалуын қайта растаған жылдан кейін өткізілді. Шынайы демократиялық сайлау өткізу үшін қажетті реформалар әлі жүзеге асырылуы тиіс, себебі осы сайлау бұрынғы сайлаулардағыдай кемшіліктерді анықталды. Сайлауға халықаралық бақылау жасаған институттар Қазақстанға келесі парламенттік сайлауға дейін анықталған кемшіліктерді жөндеуге көмек көрсетуге дайын.

Сайлау Конституция және Сайлау туралы заңға түзету енгізілгеннен кейін көп ұзамай ұйымдастырылды. Оппозициялық партиялар сайлауға қатыспауға шешім қабылдады. Сайлау техникалық жағынан жақсы ұйымдастырылғанымен, оппозиция кандидаттарының және белсенді саяси пікір-таластардың болмауы сайлау жағдайларында бәсекелестіктің болмауына әкелді. Саны шектеулі кандидаттар қызметтегі Президентпен бәсекеге түспеуге шешім қабылдады.

Осы құжаттың орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқалары бар. Тек ағылшын тіліндегі нұсқа ресми құжат болып табылады.

**Халықаралық Сайлауды бақылау миссиясы
Қазақстан Республикасы Мерзімінен бұрын президенттік сайлау 3 сәуір 2011ж.
Бастапқы нәтижелер мен қорытындылар туралы мәлімдеме**

Құзыретті органдардың сайлау туралы заңнаманы жақсартуға және кейбір ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсыныстарын енгізуге бағытталған әрекеттеріне қарамастан, сайлаудың құқықтық базасының ЕҚЫҰ міндеттемелеріне сәйкес келмейтін маңызды кемшіліктері бар, мысалы митингтер өткізу және өз ойын білдіру бостандықтарының шектелуі. Сайлау туралы заңда әртүрлі екіұштылықтар, олқылықтар бар, бұлар заңды біркелкі қолданудың болмауына үлесін қосты. Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) нұсқаулықтар қабылдады, алайда сайлау процесінің, дауыс беру рәсімдері және дауыстарды санау нәтижелерін анықтау сияқты аспектілері бойынша ешқандай ресми ережелер қабылдаған жоқ.

Барлық деңгейлердегі сайлау комиссиялары, соның ішінде ОСК сайлау процесін техникалық жағынан кәсіби түрде ұйымдастырды. Олардың уақытылы отырыстары бақылаушыларға және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне ашық болды. Саяси партиялар ОСК-нан басқа сайлау комиссияларына мүшелер ұсынуға құқылы. Алайда көптеген сайлау комиссиялары мүшелерінің көпшілігі *іс жүзінде* билеуші «Нұр Отан» партиясымен бірлескен болды, бұл сайлау комиссияларының әділдігіне сенімсіздік туғызады. Жұртшылықтан келіп түскен сындарға жауап ретінде ОСК осы сайлауда электрондық дауыс беруді қолданудан бас тартты. Алдыңғы сайлаудағыдай ОСК кең көлемді дайындықтар жүргізді және нұсқаулық материалдарын шығарды.

22 үміткердің ішінен төрт кандидат тіркелді және ашықтық талабы толығымен сақталған жоқ. Сайлау процесінде қолдаушы азаматтардың қолтаңбаларын тексерудің анық ережелерінің және міндетті қазақ тілі сынағын бағалаудың анық критерийлерінің болмауы байқалды. Қызметтегі Президенттің атынан өткізілген сайлауалды үгіт шаралары көзге көп түсті, ал басқа кандидаттардың шараларының деңгейі кішірек болды. Кейбір саяси партиялар мен азаматтық қоғамдар сайлауға байкот жариялауға шақырды. Кей жерлерде олар митингтер өткізе алды, ал кей жерлерде оларға рұхсат берілмеді.

Үйлерді аралап ауқымды түрде тексеру жүргізу және сайлаушыларды өз тіркеу мәліметтерін тексеру мүмкіндігімен қамтамасыз ету арқылы сайлаушылардың тізімдерінің сапасын жақсарту үшін әрекеттер жасалды.

2005жылғы президенттік сайлаумен салыстырғанда БАҚ өздерінің жаңалық хабарларында кандидаттардың үгіт шаралары туралы хабарлауда теңдікті көбірек қамтамасыз етті. Жаңалық хабарларынан тыс ешқандай сайлауға қатысты аналитикалық бағдарламалар болған жоқ, себебі осындай хабарлар ақылы саяси жарнама деп саналды, бұл сайлаушылардың толық хабардар болып таңдау жасау мүмкіндіктерін азайтты. Қызметтегі Президент туралы оның Президент ретіндегі қызметі туралы қосымша хабарлар берілді. Жалпы алғанда БАҚ шектеулі жағдайда жұмыс істейді, бұл олардың өз қызметіне өздері цензура жасауға әкеледі.

Сайлауға қатысты дау-дамайларды шешуде, негізінен, ашықтық, талаптарға сай қарастыру, негізді шешімдер жетіспеді, сондықтан нәтижелі құқықтық қанағаттандыру мүмкіндігін азайтты. Сайлауға қатысушылар сайлау дай-дамайларын қарастыру процесін жеткілікті түсінбейді және құзыретті органдарда олар туралы үйлесімді түсіндірмелер жоқ.. ОСК өзіне түскен шағымдардың ешқайсысын, дауыс беру арқылы алқалы отырысында шешкен

Осы құжаттың орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқалары бар. Тек ағылшын тіліндегі нұсқа ресми құжат болып табылады.

**Халықаралық Сайлауды бақылау миссиясы
Қазақстан Республикасы Мерзімінен бұрын президенттік сайлау 3 сәуір 2011ж.
Бастапқы нәтижелер мен қорытындылар туралы мәлімдеме**

жоқ, бұл заң талабына сәйкес келмеді және соттар кейбір шағымдарды қарастырудан негізсіз бас тартты. Оппозициялық партиялар және бірқатар Үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттік органдардың сайлауға қатысты шағымдарды әділ және нәтижелі түрде қарайтындығына сенімдерінің жоқтығын білдірді.

Әйел қауымы өкілдері Сайлау комиссияларының қатардағы мүшелерінің арасында көп болды, алайда саяси партиялар мен үкіметтің жоғарғы эшелондарында әлі де аз. Ұлтаралық қарым-қатынастар тұрақты және ұлттық азшылық өкілдері мәселелері сайлауалды үгіт кезінде жақсы жағынан сипатталды және мемлекеттің көп ұлтты қоғам бірлігін мақсат ететінін көрсетеді.

Көптеген жергілікті басқару органдары сайлаушылардың сайлауға келуін көбейту үшін сайлау процесіне араласты. Бір мемлекеттік қызметкер заң бұзғаны үшін қызметінен босатылды.

Сайлау күні негізнен тыныш өтті және сайлаушылардың 90 пайызының келуі мәлімделді. Халықаралық бақылаушылар бірқатар ереже бұзушылықты, оның ішінде сайлаушылар тізімінде бірдей тәрізді қолтаңбалардың көп кездесуін және дауыс беру жәшіктеріне бюллетеньдердің заңсыз салынуын байқады. Дауыстарды санау және дауыстарды санау нәтижелерін анықтауда ашықтық болған жоқ және рәсімдер сақталған жоқ. Халықаралық бақылаушылар бақылау кезінде шектеулерге жиі тап болды. ОСК сайлау күнгі кеште егжей-тегжейлі дауыс беру нәтижелерін жариялаған жоқ.

Қазақстан мемлекеттік органдары халықаралық бақылаушыларды ЕҚЫҰ міндеттемелеріне сәйкес және шектеусіз шақырды.

БАСТАПҚЫ НӘТИЖЕЛЕР

АЛҒЫШАРТТАР

Мерзімінен бұрын президенттік сайлау қызметтегі Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың мерзімін 2020 жылға дейін ұзартуға бағытталған референдум өткізу туралы азаматтардың бастамасы көтерілгендіктен ұйымдастырылып отыр. Президент Парламенттің референдум өткізу туралы ұсынысын қабылдаудан бас тартты және мерзімінен бұрын президенттік сайлау өткізу туралы ұсыныс жасады. 3 ақпанда Парламент Конституцияға Президентке мерзімінен бұрын сайлаудың күнін белгілеуге мүмкіндік беретін түзетулер енгізді және келесі күні Президент Н.Назарбаев сайлау күнін белгіледі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда он саяси партия тіркелген, билеуші «Нұр Отан» партиясы басым күшке ие және Мәжілістегі (Парламенттің төменгі палатасы) барлық 98 тікелей сайланбалы орындарға ие. Бейбіт митингтер өткізуге тыйым салынуы, белсенді мүшелердің ұсталуы және бұқаралық ақпарат құралдарына шығуға мүмкіндіктің өте аз болуы сияқты әртүрлі шектеулерге тап болуда. «Алға» партиясы 2005 жылдан бері тіркелуге әрекет етіп келеді, оның тіркеу туралы өтініші екі рет қабылданбаған. Осы партияның 2009 жылы жазылған соңғы өтініші әлі шешімін күтуде, алайда шешім қабылдау мерзімі

Осы құжаттың орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқалары бар. Тек ағылшын тіліндегі нұсқа ресми құжат болып табылады.

**Халықаралық Сайлауды бақылау миссиясы
Қазақстан Республикасы Мерзімінен бұрын президенттік сайлау 3 сәуір 2011ж.
Бастапқы нәтижелер мен қорытындылар туралы мәлімдеме**

белгіленбеген, себебі Әділет Министрлігі қолдаушы азаматтардың қолтаңбаларын тексеру тоқтата тұруда. Жалпыұлттық Социал-демократиялық партия (ЖСДП) және «Азат» партиясы 2009 жылы бірігуге шешім қабылдады, алайда содан бері біріккен партияны тіркеуде қиындықтарға тап болды.

САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

Сайлау бойынша негізгі құқықтық базаға Конституция, Сайлау туралы конституциялық заң (Сайлау туралы заң), Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) нұсқаулары¹ кіреді. Сайланған тұлға екі кезекті мерзімнен аса Президент лауазымында қызмет ете алмайды, алғашқы Президенттің қызмет ете алатын мерзімдерінің саны шектеусіз. 2010 жылы қызметтегі Президентке Қазақстанның «Ел басы» деген ерекше құқықтық мәртебе берілді.

2011 жылғы ақпанда Конституцияға және Сайлау туралы заңға түзетулер мерзімінен бұрын президенттік сайлауды ұйымдастыруға мүмкіндік беруге бағытталған нақты мақсатпен асығыс енгізілді. Конституцияға бір сәттік саяси мүддеге негізделген өзгеріс тұрақтылық және болжамдылық қағидаларына сай келмейді. Осы маңызды мәселе туралы жан-жақты ашық талқылау өткізілмегендігі табысты тәжірибеге қайшы келеді.

Құқықтық базада ЕҚЫҰ міндеттемелерімен сәйкессіздіктер әлі де сақталып отыр, мысалы митингтер өткізуге рұхсат алуды талап ету сияқты митингтер өткізу бостандығын шектеулер, өз ойын білдіру бостандығын шектеу және шағымдарды және апелляциялар жөніндегі құқықтық базада нәтижелі құқықтық қанағаттандыруды қамтамасыз ететін шағымдарды тиісті түрде қарастыру кепілдіктерінің болмауы.

Құқықтық базаны халықаралық табысты тәжірибеге сәйкес емес ететін ережелерге мыналар жатады: кандидаттардың қазақ тілін білу деңгейін бағалауға арналған объективті критерийлердің болмауы, сайлау комиссияларының барлық деңгейлерінде толық және плюралистік түрде өкілдіктің кепілдіктерінің болмауы, дауыстарды санау нәтижелерін анықтауда, мысалы сайлау учаскелеріндегі дауыс беру нәтижелерінің протоколдарын жариялауға қатысты, ашықтық талаптарының жеткіліксіз болуы.

САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сайлауды төрт деңгейлі сайлау комиссияларының жүйесі ұйымдастырды.² ОСК Төрағасы және екі мүшесі Президентпен тағайындалады, ал Сенат және Мәжіліс әрқайсысы екі ОСК мүшесін тағайындайды. Төменгі сайлау комиссиялары мүшелерін саяси партиялар ұсыныстары негізінде тиісті Мәслихаттар (Муниципалдық кеңестер) тағайындайды. Әрбір кандидат әр

¹ Басқа сайлауға қатысты заңдарға Саяси партиялар туралы заң, Бейбіт жиналыстар туралы заң, Азаматтық процессуалдық кодекс, Қылмыстық кодекс және Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша кодекс жатады.

² Сайлау комиссияларына ОСК, 16 Территориялық Сайлау Комиссиялары (ТСК), 207 Аудандық Сайлау Комиссиялары (АСК) және 9,725 Учаскелік Сайлау Комиссиялары (УСК) жатады. Сайлау комиссиялар жеті адамнан құрылады, олардың өкілеттік мерзімі - 5 жыл.

Осы құжаттың орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқалары бар. Тек ағылшын тіліндегі нұсқа ресми құжат болып табылады.

**Халықаралық Сайлауды бақылау миссиясы
Қазақстан Республикасы Мерзімінен бұрын президенттік сайлау 3 сәуір 2011ж.
Бастапқы нәтижелер мен қорытындылар туралы мәлімдеме**

сайлау учаскесіне 3-дейін сенімді өкілдерін тіркей алады, сайлау комиссияларында өкілдері жоқ партиялар (сонымен қатар кандидат ұсынбаған партиялар) сайлау мерзімі ішінде төменгі сайлау комиссияларына шешуші дауыс беру құқығы жоқ мүшені тағайындай алады. ОСК құрамына саяси партиялардың өкілдері кірмейді, сонымен бірге ОСК партиялар мен кандидаттардың өкілдерін ОСК-на тіркеуден бас тартты.³

ОСК ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на оппозициялық партиялар ұсынған комиссия мүшелерінің шамамен 90 пайызы сайлау комиссияларына тағайындалғанын баяндады. Осыған қарамастан сайлау комиссияларында саяси партиялардың өкілдігі аз болды,⁴ ал көптеген комиссиялардың мүшелерінің көпшілігі билеуші «Нұр Отан»⁵ партиясымен *іс жүзінде* бірлескен болды. Бұл сайлау комиссияларының әділдігіне сенімсіздік туғызады. Бірқатар жағдайларда комиссия мүшелерінің өздерін қандай саяси партия ұсынғанын білмейтіндігі анықталды.

Сайлау туралы заң бойынша сайлау комиссиясына бір ұйымнан алынған тұлғаларды енгізуге болмайды. ОСК осы ережені тек жеті мүшенің барлығының бір ұйымнан болуына тыйым салу ретінде түсіндіреді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сайлау комиссияларының мүшелерінің көпшілігі бір ұйымнан болуы орын алған бірқатар оқиғаларды байқады.⁶

Барлық деңгейлердегі сайлау комиссиялары, соның ішінде ОСК сайлау процесін техникалық жағынан кәсіби түрде ұйымдастырды. Олар жалпы қауымға ашық және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері және бақылаушылар қатысатын уақытылы отырыстар өткізді, сайлаушыларды сайлау туралы хабардар етуге бағытталған кең көлемді шараларды өткізді, сонымен бірге сайлауға қатысуға шақырды. ОСК дауыс беру, дауыстарды санау және санау нәтижелерін анықтау рәсімдері бойынша ресми ережелер және/немесе түсіндірмелер шығарған жоқ, бірақ тікелей бағынышты төменгі сайлау комиссиялары үшін сайлау процесінің осы аспектілері бойынша нұсқаулықтар берді және олардың тренингтер өткізді. ТСК-лары, АСК-лары және УСК-лары белгіленген мерзім ішінде уақытылы жұмыс істеді.

³ Өзінің 15 наурыздағы отырысында ОСК ЖСДП өкілін ОСК-на тіркеуден бас тартты, оның негізі ретінде Бас Прокуратураның партиялардың ОСК деңгейінде өкілдері болуына құқығы жоқ, себебі ОСК мүшелері партиялармен ұсынылмайды деген қорытындысын келтірді. Заңға осындай шектеулі түсіндірме беру, сайлау комиссияларында партия өкілдерінің болуының кепілдігінің болмауын ескергенде, алаңдаушылық туғызады.

⁴ ОСК берген мәліметтері бойынша, «Ақ жол», «Азат», Коммунистік партия және ЖСДП өкілдері бірге барлық сайлау комиссияларының тек алты пайызында болды.

⁵ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҰМБ Ақмола, Алматы, Шығыс және Оңтүстік Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Павлодар және Жамбыл облыстарында осындай жағдай болғанын баяндады.

⁶ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҰМБ осындай жағдайлар Астана және Алматы қалаларында, Ақмола және Алматы облыстарында кеңінен тарағанын баяндады

Осы құжаттың орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқалары бар. Тек ағылшын тіліндегі нұсқа ресми құжат болып табылады.

САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

Әкімдіктер (Жергілікті атқарушы органдар) сайлаушылардың тізімдерін жинақтауға жауапты. ОСК сайлаушы азаматтардың бірыңғай электрондық Тіркеу тізілімін жүргізеді, оны қосарланған тіркеу жазбаларын анықтауға қолданады. Сайлаушылардың саны 9 101 000ден 9 181 700ге сайлау күніне үсті.

Сайлау құқығын қамтамасыз етуді толығымен жүзеге асыру үшін шамамен 525 арнайы сайлау учаскелері құрылды. Бұл жағдайларда сайлаушылар тізімдері сайлау күнінің алдындағы күні бекітілді, осы сайлаушыларды олардың тұрғылықты жеріндегі сайлаушылар тізімінен уақытша шығарып тастау механизмі болған жоқ.

КАНДИДАТТЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ

Кандидат өзін өзі ұсынуына болады немесе оны қоғамдық бірлестік, сонымен бірге саяси партия ұсына алады. Егер ұсынылған үміткер Қазақстанда туып өскен, ең кемінде 40 жастағы, қазақ тілін толық меңгерген және Қазақстанда соңғы 15 жыл ішінде ресми түрде тұрған қазақстандық азамат болса, ұсынысты ОСК бекітеді. Ұсынылған кандидаттар тіркелу үшін 10 күн ішінде қолдаушы азаматтардың, ең кемінде, 91 010 заңды күші бар қолтаңбаларын тапсыруға, шамамен 4000 Евроны құрайтын сайлау жарнасын төлеуге және өздерінің және жұбайларының салық мәлімдемелерін тапсыруға тиіс болды. Бастапқы ұсынылған 22 үміткерлердің ішінен ОСК 4 кандидатты тіркеді.

Қазақ тілі сынағы кейбір кандидаттар үшін сайлауға қатысуға кедергі болды. ЕҚЫК/ДИАҚБ алдыңғы кеңестеріне қарамастан, сынақты өткізу үшін ешқандай анық критерийлер белгіленбеген және ОСК-мен тағайындалған Лингвистикалық комиссия өз қорытындыларын қандай негізде шығарғаны жартылай түсініксіз болып қалып отыр.⁷ Қолтаңбаларды тексеруде ашықтық болмады. ТСК тексеру протоколдарында қолтаңбаларды заңсыз деп танудың себептері көрсетілмеген⁸ және кандидаттар немесе олардың сенімді тұлғалары көп жағдайда тексеру рәсімдеріне қатысуға шақырылған жоқ.⁹

⁷ Мысалы Уәлихан Қайсаров, өзін өзі ұсынған кандидат және «Азат» партиясының мүшесі, сынақты 2005 жылы тапсырып өткеніне және Сенатта қазақша сөз сөйлегендігі белгілі екендігіне қарамастан, сынақты тапсыра алмады. Лингвистикалық комиссия 28 қате тапқан. Қайсаров мырза апелляциясынан соң Жоғарғы сот ОСК шешімін бекітті, бірақ тек 17 қате тапты.

⁸ Алматы қаласында, Батыс Қазақстанда және Қостанайда 4 тіркелген кандидат туралы ТСК протоколдары. Қостанай, Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстанда Дуамбеков мырза туралы ТСК протоколдары. Батыс Қазақстанда Сапарғали мырза туралы ТСК протоколы.

⁹ Солтүстік, Оңтүстік және Батыс Қазақстан облыстарындағы Ахметбеков мырзаның, Қостанай облысындағы Дуамбеков мырзаның сенімді тұлғалары баяндаған. Ақмола облысының ТСК тексеру рәсімін бақылауға ешқандай сенімді тұлғалар шақырылмағанын растады.

Осы құжаттың орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқалары бар. Тек ағылшын тіліндегі нұсқа ресми құжат болып табылады.

**Халықаралық Сайлауды бақылау миссиясы
Қазақстан Республикасы Мерзімінен бұрын президенттік сайлау 3 сәуір 2011ж.
Бастапқы нәтижелер мен қорытындылар туралы мәлімдеме
САЙЛАУАЛДЫ ҮГІТ ЖАҒДАЙЛАРЫ**

Осы сайлауға төрт кандидат қатысты: Нұрсұлтан Назарбаев, қызметтегі Президент және билеуші Нұр Отан партиясының көшбасшысы, Ғани Қасымов, Сенат депутаты және Қазақстан патриоттары партиясының көшбасшысы, Жамбыл Ахметбеков, Қазақстан Коммунистік Халық Партиясынан (ҚКХП) және Мэлс Елеусізов, Қазақстанның «Табиғат» экологиялық одағының төрағасы.

Қызметтегі Президент сайлауалды үгітке жеке өзі қатысқан жоқ, және өзінің үгіт шараларын жүргізу міндетін «Нұр Отан» партиясына жүктеді. Қызметтегі Президенттің кандидат ретіндегі және оның Президент ретіндегі қызметтері арасында айқын ажырату жасалған жоқ. Қызметтегі Президенттің сайлауалды үгіт шаралары көбірек көзге түсті. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ҰБМ қатысқан бірнеше шаралар кезінде оларға қатысушылар өздерінен қатысу талап етілгендігін мәлімдеді.¹⁰

Басқа кандидаттар қызметтегі Президентпен бәсекеге түсуге тырысқан жоқ, олардың бәрі қызметтегі Президентті қолдады. Қасымов мырза мен Елеусізов мырзаның сайлауалды үгіт шаралары қаржы жетіспеушілігі және ұйымдастыру мүмкіндіктерінің шектеулі болуынан ұстамды түрде жүргізілді, Алматы және Астана қалаларынан тыс жерлерде әрең көзге түсті. ҚКХП келесі парламенттік сайлауға қатысу мақсатымен партияның үгіт шараларында қарапайым қолдаушыларға және өзінің бөлімшелерінің желісіне арқа сүйеді. Партия мүшелері жұртшылықты митингтерге жинаумен, үйлерді аралаумен және ақпарат материалдарын таратумен айналысты.

Сайлауға қызметтегі Президентке қарсы оппозиция тарапынан бәсекелестің қатыспауы сайлауалды үгіт жағдайларына едәуір әсер етті. «Азат», «Ақ жол», және «Руханият» сияқты партиялар сайлауға қатыспау туралы шешім қабылдады. Бірқатар саяси партиялар сайлаудың күтпеген жерден ұйымдастырылуы, кандидаттардың тіркеу мерзімінің қысқартылуы және қолдаушы азаматтардың қолтаңбаларын жинауға берілген уақыттың тарлығы себептерімен сайлауға қатысудан қалыс қалды. Бұл белсенді және сыншыл пікір-таластардың болмауына әкелді.

«Народовластие» (Халық билігі) блогына біріккен Коммунистік партия (ҚКП) және «Алға», азаматтық қоғамдармен бірге сайлаудың заңдылығына күмән келтірді және сайлауға байкот жариялауға шақырды. Олар ұйымдастырған ашық митингтердің кейбірі кедергісіз өтті. Басқа митингтерде, мысалы 28 наурызда өткен наразылық митингісінде Астана қаласында қатысушыларға қорқыту-үркіту жасалған және митинг өтетін жерге баруға кедергі жасалған.¹¹

¹⁰ Алматы, Қостанай, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында.

¹¹ Ақтөбеде (Мартук аудандық соты) және Қостанайда екі белсенді мүшесі бірнеше күндік қамау жазасына кесілген. Полиция Көкшетауда белсенді мүшені бірнеше сағат қамауда ұстаған, Алматы қаласында, Алматы облысында, Тараз және Ақтөбеде белсенді мүшелерді қорқытқан және Павлодар мен Қостанайда жоспарланған сапар жөнінде бірнеше белсенді мүшеден жауап алуға барған. Тараз, Қостанай және Ақмола облысында белсенді мүшелер мінген көліктер мен автобустар тоқтатылған.

Осы құжаттың орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқалары бар. Тек ағылшын тіліндегі нұсқа ресми құжат болып табылады.

**Халықаралық Сайлауды бақылау миссиясы
Қазақстан Республикасы Мерзімінен бұрын президенттік сайлау 3 сәуір 2011ж.
Бастапқы нәтижелер мен қорытындылар туралы мәлімдеме**

БАҚ сайлауға байкот жариялауға бағытталған бастама туралы бүкіл елге тарайтын хабарлар жариялаған жоқ дерлік.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

Конституция сөз бостандығына кепілдік береді, алайда сөз бостандығы конституцияның «абырой мен қадыр-қасиетті»¹² қорғайтын ережелерімен және диффамация мен жәбірлеудің қылмыстандырылуымен шектелген. Азаматтық кодекс ережелеріне сәйкес Президентті диффамацияға ұшыратудың қамауға алумен жазалауға әкелетіндігі, сонымен бірге диффамация үшін шектен тыс көп айыппұл салынуы БАҚ -ның өз қызметіне өздері цензура жасауға әкеледі. Оған қоса, шынайы тәуелсіз БАҚ ұйымдары құрылмай қалып отыр, себебі мемлекеттік көмекқаржы мемлекеттік және жеке БАҚ ұйымдарының тәуелсіз болуына жол бермейді. Мәліметтер бойынша едәуір тәуелсіз болып табылатын газеттер, әсіресе ел аймақтарында, толассыз қиындықтарға тап болуда.¹³ Вебсайттарға, мысалы «Республика» тәуелсіз газетінің және «К+» теледидар арнасының сайтына шығуға бөгет жасау әлі де аландату туғызады.

ОСК БАҚ-дың сайлау туралы хабарлар таратуы бойынша заң ережелеріне түсіндірмесінде телерадио және баспасөз ұйымдарын өздерінің жаңалық хабарларында кандидаттардың үгіт шаралары туралы хабарлауда теңдікті қамтамасыз етуге міндетті екендігін көрсетті. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ жасаған БАҚ-ын бақылаудың бастапқы нәтижелері бойынша «Қазақстан ТВ» және «Хабар» мемлекеттік БАҚ ұйымдары хабарлардың 19 және 13 пайызын, сәйкесінше, Президент Н. Назарбаевқа, ал Ахметбеков мырзаға 29 және 26 пайызын, Қасымов мырзаға 25 және 28 пайызын және Елеусізов мырзаға 28 және 33 пайызын, сәйкесінше, арнады. «7 арна», «31 арна» және КТК қызметтегі Президентке азырақ хабарлар арнады (16, 14 және 3 пайыз, сәйкесінше), ал «Астана ТВ» өзінің кандидаттар туралы жаңалық хабарларының 39 пайызын Н.Назарбаев мырзаға арнады.¹⁴

Алайда ОСК сайлау туралы хабарларды жаңалық бағдарламаларынан тыс тарату үгіт/саяси жарнама деп саналатындығын және олардың ақысы кандидаттың қорынан төленуі керектігін қарастыратын түсіндірмесі кандидаттарға хабарлардың мазмұнына толық редакторлық бақылау жасауға мүмкіндік берді және журналисттерге өздерінің кандидатқа күмән білдіру және оларды сынау құқықтары мен міндеттерін орындауға жол бермеді. Осының нәтижесінде БАҚ-на бақылау жасау нәтижелері бойынша талқылау

¹² Конституцияның 46-бабы Президенттің абыройы мен қадыр-қасиетіне «ешкімнің тиісуіне болмайтындығын» көздейді.

¹³ Жақында бірнеше тәуелсіз газеттерге жарияланбаған салық тексерісі жасалды. «Уральская неделя» газетінің есепшоттары қамалды, оның мүлігі газетке қарсы жеке компания жеңген жала жабу ісі бойынша шығындарын өтеу үшін тәркіленді. Халықаралық мекемелер істі көтергеннен кейін компания газетке қарсы кескен шығындардан бас тартты. Қараңыз: 2011ж. 16 желтоқсандағы және 2011ж. 17 наурыздағы ЕҚЫҰ БАҚ бостандығы бойынша Өкілінің Тұрақты Кеңеске мерзімдік есебі (<http://www.osce.org/fom/74598>) және (<http://www.osce.org/fom/76158>). 3 наурызда осы газетке басқа іс бойынша азаматтық шығын үшін 20 миллион тенге айыппұл салынған. Бұл шешімге қарсы апелляция қаралуда.

¹⁴ Осы сандар кандидаттардың тек сайлауалды үгіт шараларын хабарлауға қатысты, оларға олардың институционалдық міндеттерін хабарлау кірмейді.

Осы құжаттың орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқалары бар. Тек ағылшын тіліндегі нұсқа ресми құжат болып табылады.

**Халықаралық Сайлауды бақылау миссиясы
Қазақстан Республикасы Мерзімінен бұрын президенттік сайлау 3 сәуір 2011ж.
Бастапқы нәтижелер мен қорытындылар туралы мәлімдеме**

бағдарламалары, сұхбаттар және пікірталастар сияқты, қазіргі жағдай туралы бағдарламаларда, сайлаушыларға толық хабардар болып таңдау жасауға мүмкіндік беретін әртүрлі көзқарастарды ұсынатын сайлауға қатысты хабарлар едәуір жетіспейтіндігін анықталды. ОСК-ның заң жөніндегі түсіндірмесі БАҚ-дағы қоғамды қызықтыратын мәселелер бойынша саяси пікірталасты шектеді.

Сонымен бірге сайлауалды үгіт кезеңінде ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ мынаны байқады: бақылау жасалған хабар таратушы ұйымдардың жаңалық бағдарламаларынан тыс, қызметтегі Президентке жалпы саны 2 сағаттан көп оң сарынды қосымша хабарлар оған Президент ретінде арналған, атап айтқанда оның ел аймақтарына ресми сапарлары туралы хабарлар берілген. ОСК-ның кандидаттар туралы олардың институционалдық рөлінде берілген хабарлар сайлауалды үгіт хабарлары деп саналмауы тиіс және ақысы төленбеуі тиіс деген түсіндірмесі қиындықтар туғызды, өйткені бұл түсіндірме қызметтегі Президенттің артықшылығын әділетсіз түрде күшейтеді. Бақылау жасалған телестанциялардағы ақылы саяси жарнамалардың жалпы уақытының жартысынан көбі (10 сағаттан көп) қызметтегі Президенттің үгіт шараларына сатылып алынған.

ӘЙЕЛДЕРДІҢ САЙЛАУҒА ҚАТЫСУЫ

Заңда әйелдер мен ерлердің сайлау процесіне тең түрде қатысуы көзделген. Әйелдер саяси қызметке белсенді түрде араласады, алайда басқарушы лауазымға ие әйелдер аз. Осы сайлауға ешқандай әйел кандидат қатысқан жоқ. Әйел қауымының өкілдері сайлау комиссияларына енгізілген: ОСК 7 мүшесінің 2-і, 16 ТСК төрағаларының 3-і (және барлық ТСК мүшелерінің 30,4 пайызы) және 207 АСК-ның 44-і (барлық АСК мүшелерінің 44,5 пайызы) - әйел адамдар.

ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫ

Қазақстан көп ұлтты ел, шамамен 100 ұлт өкілдері тұрады.¹⁵ Конституцияға сәйкес орыс тілін қазақ тілімен тең дәрежеде мемлекеттік ұйымдардағы және жергілікті өзіндік басқару органдарындағы қарым-қатынаста ресми тіл ретінде қолдануға болады. Ұлттық азшылық өкілдері топтық талаптар қоюдан тартынады, бірақ негізгі партиялар арқылы саясатқа қатысуға мүмкіндіктері бар. Ұлттық азшылық өкілдері сайлау комиссияларының құрамына кірді. ОСК-нан алынған мәліметтер бойынша барлық сайлау комиссияларының 73,1 пайызы - қазақтар, ал 16,7 пайызы - орыс ұлты өкілдері, 1 пайызы - өзбек ұлты өкілдері және 0,7 пайызы - ұйғырлар. Алайда сайлау комиссияларының басшылары арасында ұлттық азшылық өкілдері аз.

¹⁵ 2009 жылғы Халық санағы бойынша халықтың 63.1 пайызының ұлты қазақ. Ең қомақты ұлттық азшылықты құрайтын орыстар халықтың 23.7 пайызын құрайды. Екінші ұлттық азшылық өзбектер (2.9 пайыз) Оңтүстік Қазақстанда шоғырланған. Басқа топтарға украиндер (2.1 пайыз), ұйғырлар (1.4 пайыз), татарлар (1.3 пайыз), немістер (1.1 пайыз) жатады. Қараңыз: http://www.eng.stat.kz/perepis_nas1/Pages/n1_12_11_10.aspx.

Осы құжаттың орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқалары бар. Тек ағылшын тіліндегі нұсқа ресми құжат болып табылады.

Халықаралық Сайлауды бақылау миссиясы
 Қазақстан Республикасы Мерзімінен бұрын президенттік сайлау 3 сәуір 2011ж.
 Бастапқы нәтижелер мен қорытындылар туралы мәлімдеме
ШАҒЫМДАР ЖӘНЕ АПЕЛЛЯЦИЯЛАР

Сайлау туралы заңда шағымдар мен апелляцияларды қарастырудың жауапкершіліктің жалғыз иерархиялық құрылымы бар анық көрсетілген процесі белгіленбеген. Сайлау дай-дамайларын қарастыру процесін түсіну жетіспейді және олардың үйлесімді түсіндірмелер жоқ. Оппозициялық партиялар және бірқатар Үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттік органдардың сайлауға қатысты шағымдарды әділ және нәтижелі түрде қарайтындығына сенімдерінің жоқтығын білдірді. Сайлауға қатысты дау-дамайларды шешуде, негізінен ашықтық, талаптарға сай қарастыру, негізді шешімдер болмады, сондықтан нәтижелі құқықтық қанағаттандыру мүмкіндігін азайтты.

Сайлау комиссияларының шешімдері мен іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) туралы шағымдарды жоғары тұрған сайлау комиссиясына және/немесе сотқа жазуға болады. Сайлау туралы заңды бұзылуын баяндайтын басқа шағымдарды сайлау комиссияларына, соттарға және/немесе прокуратураларға жазуға болады. Аудандық соттарды барлық азаматтық істер бойынша бірінші инстанция болып табылады, бұған сайлауға қатысты істердің екі түрі жатпайды, олар тікелей Жоғарғы сотқа бағытталады және апелляция құқығы берілмеген.¹⁶ Азаматтық процессуалдық кодекс сайлау комиссияларына, үкімет қызметкерлеріне және органдарына қарсы сайлауға қатысты нақты мәселелер бойынша аудандық соттардың шешімдеріне апелляция жазуға құқық бермейді.

Сайлау күніне дейін ОСК 12 шағым қабылдады және олардың ешқайсысын, заң талабына сәйкес дауыс беру арқылы алқалы отырысында шешкен жоқ. Шағымдарды ОСК төрағасы орынбасары өзі қарайғандай көрінгенмен, шағымдар қарау рәсімі анық емес, жауаптарға ОСК Хатшысы қол қойған. Заң барлық ОСК шешімдері электрондық түрде жалпы жұртшылық назарына ұсынылуын талап етеді, алайда шағымдарды ОСК орган ретінде қарамағандықтан, оларға берілген жауаптар жарияланған жоқ.¹⁷ ОСК төрағасы орынбасары БАҚ және бақылаушылардың қатысуымен шағымдарды қарастыру жөніндегі апта сайынғы есептер берді.

ЕҚЫК/ДИАҚБ СБМ-на сайлау күніне дейін аудандық сотқа берілген сайлауға қатысты 15 шағым туралы және Жоғарғы сотқа түскен 5 шағым туралы белгілі.¹⁸ олардың барлығы қабылданған жоқ немесе қаралмады. Мәслихаттың УСК құрамы жөніндегі шешіміне қарсы Алматы аудандық соттарына түскен бірнеше шағымдар бойынша соттар қате мерзімді көрсетіп істі қараудан бас тартты.¹⁹ Тағы бір шағым бойынша, сайлау туралы заңға қайшы, Жоғарғы сот,

¹⁶ ОСК кандидаттарды тіркеу немесе тіркеуден шығару бойынша шешімдеріне және ОСК-ның сайланған Президентті мәлімдеуден бас тартуына немесе мәлімдемеуіне қарсы шағымдар тікелей Жоғарғы сотқа жазылады.

¹⁷ ОСК сайлау туралы шағымдарды «жеке іс» деп санайды, сондықтан шағымдардың және ОСК шешімдерінің көшірмелерін ОСК ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на берген жоқ, бірақ ОСК ғимараты ішінде көруге мүмкіндік берілді

¹⁸ Жоғарғы сот ЕҚЫК/ДИАҚБ СБМ-на сот шешімдеріне қол жеткізуге мүмкіндік берді, алайда шағымдарға қол жеткізуге мүмкіндік бермеді.

¹⁹ Соттар қолданыстағы жергілікті мемлекеттік органдардың шешімдеріне қарсы шағым беру туралы Азаматтық Процессуалдық кодекстегі үш айлық мерзімнің орнына сайлау туралы заңдағы сайлау комиссиясының шешімдеріне немесе іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қарсы шағымдарды беруге белгіленген он күндік мерзімді келтірді..

Осы құжаттың орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқалары бар. Тек ағылшын тіліндегі нұсқа ресми құжат болып табылады.

**Халықаралық Сайлауды бақылау миссиясы
Қазақстан Республикасы Мерзімінен бұрын президенттік сайлау 3 сәуір 2011ж.
Бастапқы нәтижелер мен қорытындылар туралы мәлімдеме**

ОСК сайлау туралы заңды бұзушылықтарды анықтаудың және кандидаттарды тіркеуден шығарудың айрықша құқығына соттарға қатыссыз жалғыз ие болуы себебін алға тартып, шағымды қарастырудан бас тартты.²⁰

ЖЕРГІЛІКТІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҚЫЛАУШЫЛАР

Жергілікті бақылаушыларды саяси партиялар, басқа қоғамдық бірлестіктер ұсына алады. Олар ресми түрде аккредитация өтуі міндетті болмады, бірақ бақылау жүргізілетін сайлау комиссиясына ұсынушы ұйымның ресми хатын және жеке куәліктерін тапсыруы тиіс болды. Сонымен бірге кандидаттар 31.916 сенімді тұлғаларын ұсында, олардың ішінде 28.902 Назарбаев мырзаның атынан болды. Халықаралық бақылаушыларға қойылған сайлауды бақылау бойынша алдыңғы тәжірибесі болуы тиістігі жөніндегі талап заңнан алдыңғы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсыныстарына сәйкес алынып тасталды.

Бақылаушылардың көпшілігін қоғамдық бірлестіктер, оның ішінде Жас мамандар қоғамы және «Кезектен тыс президенттік сайлауды бақылау бойынша Республикалық қоғамдық комиссия» жолдады. Кейбір жергілікті бақылаушы ұйымдаржалпы сайлау процесіне емес, сайлаушылардың келуіне көңіл бөлді.

САЙЛАУ КҮНІ

Сайлау күні негізінен тыныш өтті және сайлаушылардың 90 пайызының келуі мәлімделді. ОСК сайлау күнгі кеште егжей-тегжейлі дауыс беру нәтижелерін жариялаған жоқ.

Рәсімдердің кемшіліктері болуына қарамастан, бақыланған сайлау учаскелерінің көпшілігінде уческелді ашу рәсімдеріне оң баға берілді. Халықаралық бақылаушылар бақыланған сайлау учаскелерінің едәуір көп болып табылатын 9 пайызында жүйелі және маңызды қиындықтар болуын көрсетіп, дауыс беру процесіне теріс баға берді, сайлау процесін 91пайызында оң бағалады. Олар бірқатар маңызды ереже бұзушылықтар, оның ішінде сайлаушылар тізімінде бірдей тәрізді бірқатар қолтаңбалардың кездесуі (219 оқиға) және дауыс беру жәшіктеріне бюллетеньдердің заңсыз салынуын анық байқалуы (28 оқиға) туралы баяндады. Басқа байқалған заңбұзушылықтар қатарында дауыс беру жәшіктерінің дұрыстап пломбаланбауы (98 оқиға), топтық дауыс беру (128 оқиға), бір неше рет дауыс беру (34 оқиға) және басқа тұлғаның атынан дауыс беруі (63 оқиға). Бақыланған 80 сайлау учаскесінде тиісті жеке құжаттарының қандай ба бір түрін көрсетпеген адамдарға да дауыс беруге рұқсат берілді. Бақыланған 73 сайлау учаскесінде сайлаушылар олардың аты-жөндері сайлаушылар тізімінде болмағандықтан қайтарылды.

Халықаралық бақылаушылар әйелдердің бақыланған сайлау учаскелеріндегі УСК мүшелерінің жалпы санының 73 пайызын және УСК төрағаларының жалпы санының 44 пайызын құрағанын мәлімдеді. Партиялардың

²⁰ Шағымда қызметтегі Президенттің сайлауға қатысты қызмет бабын теріс пайдаланғаны мәлімделген және оны тіркеуден шығаруға өтініш жасалған. Осыдан бұрын ОСК осы шағым берушінің шағымын қабылдаудан бас тартқан болатын.

Осы құжаттың орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқалары бар. Тек ағылшын тіліндегі нұсқа ресми құжат болып табылады.

**Халықаралық Сайлауды бақылау миссиясы
Қазақстан Республикасы Мерзімінен бұрын президенттік сайлау 3 сәуір 2011ж.
Бастапқы нәтижелер мен қорытындылар туралы мәлімдеме**

бақылаушылары және кандидаттардың сенімді тұлғалары сайлау учаскелерінің 88 пайызында болды, олардың көпшілігі қызметтегі Президент пен «Нұр Отан» партиясының өкілдері болды. Халықаралық бақылаушылар бақылаушылар мен сенімді тұлғаларға қысым көрсетілген немесе оларды қорқытып-үркіткен бірнеше оқиғаларды байқады. Бақыланған 132 сайлау учаскесінде өкілетті емес тұлғалар анықталды және олардың сайлау процесіне араласуының немесе нұсқаулар беруінің 14 оқиғада байқалды. Халықаралық бақылаушылар 125 сайлау учаскесінде бақылау кезінде шектеулерге тап болды.

Бақыланған алты сайлау учаскелерінің әрқайсысында дауыстарды санауға теріс баға берілді. Көптеген УСК заң талабына сәйкес негізгі санау рәсімдерін жүргізбеді. Жиырма жеті дауыс беру жәшігінде бюллетеньдердің топталып немесе үйіліп қалғандығы анықталды, бұл осыдан бұрын осы жәшіктерге бюллетеньдер заңсыз түрде салынғандығын білдіреді. Көп жағдайда ашықтық болмады. 17 халықаралық бақылаушылар топтары өздерінің дауыстарды санауға бақылау жасау кезінде шектеуге тап болғандығын баяндады. Бақыланған төрт санаудың үшеуінде сайлаушылардың таңдауы ауызша жарияланбады, бұл заң талабына сәйкес емес. Әрбір бес УСК-да нәтижелер протоколдарын толтыруда қиындықтар болды. Көп жағдайда протоколдардың бланктеріне алдын ала қол қойылған болып шықты. Дауыстарды санау рәсімін бақылау кезінде, бақыланған рәсімдердің төрттен бірінде, УСК нәтижелер протоколдарының көшірмелерін ашық көрсетпеген және өтініш білдірген бақылаушылардың барлығы бірдей олардың көшірмелерін ала алмады, бұл заңға сәйкес сәйкес келмейді.

Көптеген АСК-дағы дауыстарды санаудың нәтижелерін анықтауда ашықтық жетімсіз, халықаралық бақылаушылар бақылау кезінде шектеулерге тап болды. Халықаралық бақылаушылар УСК-ның нәтиже протоколдарын АСК ғимаратында толтыруы орын алған 49 оқиға туралы және олардың ресми АСК шешімінсіз жөнделуі орын алған 29 оқиға туралы баяндады.

*Ағылшын тіліндегі нұсқа жалғыз ресми құжат болып табылады.
Алайда осы мәлімдеменің қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқалары бар.*

Миссия туралы мәлімет және алғыстар

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Сайлауды бақылау миссиясы Астана қаласында 1 наурызда ашылды, Астанада және Алматыда 15 сарапшы, 28 ұзақ мерзімді бақылаушылар Қазақстанның барлық аймақтарына жолданды. Сайлау күні шамамен 350 қысқа мерзімдік бақылаушылар, оның ішінде 79-мүшелік ЕҚЫҰ ПА делегациясы жолданды. Жалпы алғанда ЕҚЫҰ-на қатысушы 43 елден бақылаушылар қатысты. Жалпы саны 9 725 сайлау учаскелерінің ішінен дауыс беру 1445 аса сайлау учаскелерінде бақыланды. Дауыстарды санау 138 сайлау учаскелерінде бақыланды. Дауыстарды санау нәтижелерін анықтау жалпы саны 207 АСК ішінен 115 АСК-да бақыланды.

ЕҚЫҰ ПА делегациясы басшысы Тонино Пицула мырзаны (Хорватия) ЕҚЫҰ лауазымдағы төрағасы осы сайлауға арналған ЕҚЫҰ қысқа мерзімді бақылау миссиясын басқаратын Арнайы координатор ретінде тағайындады.

Осы құжаттың орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқалары бар. Тек ағылшын тіліндегі нұсқа ресми құжат болып табылады.

**Халықаралық Сайлауды бақылау миссиясы
Қазақстан Республикасы Мерзімінен бұрын президенттік сайлау 3 сәуір 2011ж.
Бастапқы нәтижелер мен қорытындылар туралы мәлімдеме**

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Сайлауды бақылау миссиясының басшысы – елші Даан Эвертс (Нидерланды).

Бақылаушылар Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарына сайлауды бақылауға шақырғаны үшін, Орталық сайлау комиссиясына ынтымақтастығы және аккредитациялық құжаттарын бергені үшін, Сыртқы Істер Министрлігін және басқа органдарды көмек көрсеткені мен ынтымақтастығы үшін алғыс білдіреді. Сонымен бірге бақылаушылар Астана қаласындағы ЕҚЫҰ орталығына, Қазақстанда аккредитацияға ие елшіліктерге және халықаралық ұйымдарға ынтымақтастығы және қолдау көрсеткені үшін ризалығын білдіреді.

Толық мәлімет алу үшін хабарласыңыз:

- Нэйл Саймон, ЕҚЫҰ ПА, Байланыс бойынша директоры (+45-60-108 380)
- Йенс Эшенбахер, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ өкілі, Варшава (+48-603-683 122)

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ мекенжайы:

Қазақстан Республикасы

Астана қаласы, 010000

Иманова көшесі 11

Тел: +7-7172-901 711

Факс: +7-7172-901 712

Эл.мекенжайы: office@odhr.kz

Осы құжаттың орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқалары бар. Тек ағылшын тіліндегі нұсқа ресми құжат болып табылады.